

ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

**Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері
10-сынып**

1. **Көп нүктенің орнына керекті септік жалғауларын қойыңыз: 1929 жылы Қазақстан..... астанасы Қызылорда..... Алматы... көшті.**
 - A) -дың, -мен, -ға
 - B) -ның, -мен, -ға
 - C) -нан, -мен, -ға
 - D) -ның, -дан, -ға
 - E) -ның, -ны, -дан
2. **Мына сөздердің синонимін жазыңыз: еңбек, бітіру, айналысу**
 - A) демалыс, кету, істеу
 - B) жұмыс, аяқтау, шұғылдану
 - C) ойын, бастау, орындау
 - D) жұмыс, кетіру, қатысу
 - E) іс, алу, аяқтау
3. **Тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда соңғы дыбысты өзгеріске ұшырайтын сөзді көрсетіңіз.**
 - A) Кел
 - B) Бар
 - C) Тап
 - D) Айт
 - E) Жүр
4. **Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді белгілеңіз.**
 - A) „Біріншіден, көбі келген жоқ оқушылар“ деді класс жетекші.
 - B) „Біріншіден, көбі келген жоқ оқушылар“, - деді класс жетекші.
 - C) „Біріншіден, көбі келген жоқ, оқушылар“ деді класс жетекші.
 - D) „Біріншіден, көбі, келген жоқ оқушылар“ - деді класс жетекші.
 - E) „Біріншіден, көбі келген жоқ, оқушылар“, - деді класс жетекші.
5. **«аты ел аузында» деген сөз тіркесінің мағынасын табыңыз.**
 - A) ашық
 - B) анық
 - C) жылдам
 - D) уақытында
 - E) белгілі
6. **Кейінді ықпал әсерінен өзгеріске ұшырайтын сөзді табыңыз.**
 - A) келу
 - B) бал
 - C) ара
 - D) қар
 - E) теп
7. **Танысқаныма ...**
 - A) борыштымын
 - B) қорқыныштымын
 - C) қуаныштымын
 - D) жетікпін
 - E) жақсымын
8. **Қонақ келгенде, әжем немересіне тақпақ ...**
 - A) айтылды
 - B) айтқызды
 - C) айтысты
 - D) айтылмады
 - E) айтыспады
9. **«Кейде» мағынасын білдіретін қосарлама қос сөзді табыңыз.**
 - A) Айыл-тұрман.
 - B) Оқта-текте.
 - C) Алым-берім.
 - D) анда-санда
 - E) Ел-жұрт.
10. **Мақалдардан антонимдері барын белгілеңіз.**
 - A) Көппен көрген ұлы той.

- В) Қолы ашықтың – жолы ашық.
- С) Берген жомарт емес, алған жомарт.
- Д) Жері байдың – елі бай.
- Е) Сыйлап берсе, сусын іш.

11. Ауыспалы мағынада қолданылап тұрған сөзді табыңыз.

- А) Күн сәулесі нұрын шашады
- В) Терезеден күн түсіп тұр
- С) Күнсiздерге күн болған
- Д) Күнде-күнде осы жаттығуды қайталайды
- Е) Күн ыстық екен

12. Көп нүктенің орнына қандай шылауды қою керек? Біз кешке ... далаға серуенге шықтық.

- А) дейін
- В) кейін
- С) соң
- Д) әрі
- Е) қарай

13. Мен үйге кешкі сағат сегізге он бес минут қалғанда жетемін. Уақытты табыңыз.

- А) 19.15
- В) 20.15
- С) 19.45
- Д) 20.45
- Е) 19.14

14. Көп нүктенің орнына қандай одағайды қолдану керек?

Бұл зат сондай әдемі екен! ..., ақшамды үйге ұмытып кетіппін!

- А) алақай
- В) тәйт
- С) қап
- Д) ойбай
- Е) бәсе

15. Өкінішті білдіру үшін қай одағайды қолдану керек?

- А) алақай
- В) тәйт
- С) шіркін
- Д) әттеген-ай
- Е) бәсе

16. Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан қалаларды белгілеңіз.

- А) Павлодар, Екібастұз
- В) Қостанай, Қарағанды
- С) Жезқазған, Астана
- Д) Түркістан, Шымкент
- Е) Ақтау, Ақтөбе

17. Республика астанасы Астана қаласына қашан көшірілгенін белгілеңіз.

- А) 1998 ж.
- В) 1997ж.
- С) 1991 ж.
- Д) 1993 ж.
- Е) 2001 ж.

18. Қазақстанның ең терең көлін анықтаңыз.

- А) Марқакөл
- В) Балқаш
- С) Зайсан
- Д) Алакөл
- Е) Маралды

19. Атақты қазақ суретшісі

- А) Қ.Сәтбаев
- В) М.Төлебаев
- С) Қ.Сағырбаев
- Д) Ә.Кастеев
- Е) А.Иманов

20. «Қазақтың Швейцариясы» атанған өлкені анықтаңыз.

- А) Марқакөл
- В) Баянауыл
- С) Алатау
- Д) Қарқаралы
- Е) Көкшетау